

**"Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 06 наурыздағы № 255/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 сәуірде № 4417 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 54/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 23.01.2018 № 54/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

осы қаулының ресми жариялануын заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*А. Вербняк*

Екібастұз қаласы әкімдігінің  
2015 жылғы "6" наурыздағы  
№ 255/3 қаулысымен  
бекітілген

**"Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

## 1. Жалпы ережелер

1. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі Екібастұз қаласының аумағында дене шынықтыру және спортты дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 141203, Екібастұз қаласы, Екібастұз қаласының 50 жылдығы көшесі, 10.

10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы:  
мемлекеттік тілде: "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Отдел физической культуры и спорта акимата города Экибастуза".

11. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі келесі тәртіпте белгіленеді: бес күндік жұмыс аптасында сағат 9.00-ден сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі және мереке күндері.

12. Мемлекет Екібастұз қаласының әкімдігі тұлғасында "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі.

## **2. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

16. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: дене шынықтырумен спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында тиімді мемлекеттік басқаруды және үйлестіруді қамтамасыз ету.

17. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты мемлекеттік реттеуге қатысу, дене шынықтыру

және спорт саласында Екібастұз қаласының мемлекеттік органдарымен өзара әрекет ету, мониторинг ұйымдастыру, дене шынықтыру мен спорт жағдайын талдау және болжам жасау, қалада дене шынықтыру мен спорттың дамуын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және ұсынымдар жасау болып табылады.

18. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні дене шынықтыру мен спорттың дамуына бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу және дене шынықтыру мен спорт саласында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл болып табылады.

19. Міндеттері:

- 1) бұқаралық спортты дамыту;
- 2) дене шынықтыру және спортты насихаттау;
- 3) спорттық резервті дайындау.

20. Функциялары:

1) жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша және жаппай демалу орындарында дене шынықтыру мен спортпен айналысуы үшін инфрақұрылымды құру;

2) дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен бірлесіп спорт түрлері бойынша қалалық спорттық жарыстар өткізу;

3) қалалық құрама командаларының спорт түрлері бойынша дайындығын және олардың облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;

4) бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз ету;

5) спортшыларға спорттық разрядтар беру: 2-разрядтағы спортшы, 3-разрядтағы спортшы, 1-жасөспірімдік разрядтағы спортшы, 2-жасөспірімдік разрядтағы спортшы, 3-жасөспірімдік разрядтағы спортшы;

6) біліктілік санаттарын беру: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі;

7) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың қалалық күнтізбесін іске асырады;

8) қала аумағында және оның ауылдық аумақтарында спорттық іс-шараларды өткізу және ұйымдастыру;

9) қала аумағында және оның ауылдық аумақтарында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысан және мерзім бойынша дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинау, талдау және ұсынуды жүзеге асыру;

10) спорт түрлері бойынша құрама командаларының тізімін құру және бекіту;

11) балалар жасөспірімдер спорт мектептерінің қызметін үйлестіру;

12) қалалық ведомстволардың қызметтерін үйлестіру және дене шынықтыру және спортты дамыту бойынша мәселелерді ұйымдастыру және саладағы өзекті проблемаларды шешу;

13) ресми дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

14) дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті ұйымдастыру;

15) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

16) коммуналдық заңды тұлғаларды басқару:

ведомствоға қарасты заңды тұлғаларды басқару мәселелері жөнінде актілер әзірлейді, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

ведомствоға қарасты мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

ведомствоға қарасты қазыналық кәсіпорындар өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) баға белгілеу;

ведомствоға қарасты мемлекеттің қатысы бар кәсіпорындар мен ұйымдардың даму жоспарларын және олардың орындалуы бойынша есептерін қарастырады, келіседі, бекітеді, бақылайды және талдау жүргізеді;

ведомствоға қарасты ұйымдардың мүлкін пайдалануға және сақталуына бақылау жасайды;

коммуналдық меншікті басқару жөніндегі уәкілетті органға ведомствоға қарасты заңды тұлғалардың мүлкін қайтарып алуға немесе қайта бөлуге келісім береді;

мәліметтерді, оның ішінде, өзінің басқаруындағы мемлекеттік заңды тұлғалардың атаулы тізбесін, бұл мәліметтерді мемлекеттік мүліктің тізілімінде көрсету үшін дайындайды;

17) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген басқа да функцияларды атқарады.

21. Құқықтары мен міндеттері:

1) облыстық, республикалық спорт ұйымдарында қаланың мүддесін білдіру;

2) қаланың және облыстың өкілетті және атқарушы органдарында мемлекеттік органның мүддесін білдіру;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық құжаттары мен ереже негізінде қалалық спорттық жарыстарды өткізу туралы Ережені (Регламентті) бекіту;

4) белгіленген тәртіпте дәреже тағайындау, қалалық спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін медальдармен, белгілермен, жүлделермен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапаттау мәселесін шешу;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес саладағы мамандардың мүддесін қорғау;

6) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өкілеттіліктерін орындау үшін қаланың өзге де атқарушы органдарымен, ұйымдарымен және мекемелерімен өзара іс-қимылда болады.

### **3. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

22. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

23. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Екібастұз қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

24. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттігін анықтайды;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте қызметкерлерді марапаттайды және тәртіптік жаза қолданады;

3) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;

4) "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда ұсынады;

5) "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытында шаралар қабылдайды және жемқорлыққа қарсы шара қолдануға дербес жауап береді;

6) қазынашылық органымен "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің төлемдері бойынша, соның ішінде ақша алушылардың тиісті есеп шоттарына тоқсан сайын салыстырмалы тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

25. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және ұжымдық шартпен реттеледі.

26. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен Екібастұз қаласы әкімдігі арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

27. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саласындағы уәкілетті органының арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

#### **4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

28. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату**

31. "Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **"Екібастұз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік ұйымдардың тізбесі**

"Екібастұз қаласы әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Спортсервис" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

"Екібастұз қаласы әкімдігі дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Жасыбай" балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

"Екібастұз қаласы әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің № 1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

"Екібастұз қаласы әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің № 2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

"Екібастұз қаласы әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің № 3 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

"Екібастұз қаласы әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің № 4 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.